

ӘУЕЗОВ УНИВЕРСИТЕТІ

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің газеті

Көрген азабы көп
жауынгер Көкенов

4

Цифрлық жолайрықтағы
журналистика

12

Еліміздегі қара металлургия
өндірісінің технологиясы

16

№5 (220), мамыр, 2024 ж.

«ЖАС МАМАН-2024»: БІТІРУШІ ТҮЛЕКТЕРГЕ АРНАЛҒАН БОС ОРЫНДАР ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ



М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде оқу орнының бітіруші түлектеріне арналған «Жас маман-2024» бос орындар жәрмеңкесіне Шымкент қаласы және Түркістан облысынан екіжақты келісімшарттар жасалған барлық өндірістік кешендер, ірі өндіріс орындары, спорт, мәдениет, білім беру, жалпы 150-ден астам мекеме қатысты.

Дәстүрлі ұйымдастырылатын жәрмеңке түлектерді жұмысқа орналастырудың ашық диалог алаңына айналып, көптеген түлектерімізге болашақ жұмыс орнын табуға көмектесіп келеді. Биыл университетті 9 мыңға жуық түлек бітіреді.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Басқарма төрағасы - ректор м.а. Қайрат Нұрманбетов құттықтау сөз сөйлеп, жәрмеңкеге қатысқан жұмыс беруші мекемелерге алғысын білдірді. Сонымен бірге, университетіміздің дамуына үлес қосқан, атап айтқанда білім бағдарламаларын

құрастыруға белсенді атсалысқан жұмыс берушілер мен бұрын бітрген түлектерге Алғыс хат табыстады.

Жәрмеңкеге қатысқан Шымкент қаласы әкімдігінің «Еңбек мобильді орталығы» Еңбекші ауданы бойынша мансап орталығының еңбек ресурстарының болжау және жұмыспен қамту бөлімінің басшысы Нағима Досанова, «Renaissance SHIK» ЖШС

директоры Игорь Карпов, «Сити-инжинеринг» ЖШС директоры Саиддин Ажидинов ізгі тілектерін білдіріп, оқу ордасының білімді, ізденістеі жастарға бос жұмыс орнын ұсынуға дайын екендіктерін жеткізді. Бітіруші түлектер жұмыс берушілермен сұқбаттасып,

өз мамандықтары бойынша бос жұмыс орындары туралы толыққанды ақпарат алды және мекемелердің өтініші бойынша түйіндемелерін қалдырды.

Барлық қатысушылар арасында қызықты ойындар ойнатылып, іс-шара концерттік бағдарламаға ұласты.

Атап өтейік, биылғы жәрмеңкеге Шымкент қаласы әкімдігіне қарасты басқармалар, Түркістан облыстық сотының кеңсесі, Шымкент қаласы және Түркістан облысының прокуратурасы, халыққа қызмет көрсету орталықтары, Шымкент қаласының мәдени орындары мен кітапханалары да қатысты.

ЖОШЫ ҰЛЫСЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҰЛЫ ДАЛА

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті «Әлеуметтік гуманитарлық ғылымдар» ғылыми-зерттеу институтындағы «Тарих және этнология» ғылыми орталығының ұйымдастыруымен Жошы Ұлысының құрылғанына 800 жыл толуына орай «Жошы Ұлысы кезеңіндегі Ұлы Дала» атты халықаралық дөңгелек үстел болып өтті.



XIII ғасыр Әлем өркениетінде ғаламдық қоғам құрылысының түбірінен өзгеруіне алып келген ұлы бетбұрыстардың кезеңі болды. Соның бірі - Ұлы Далада Жошы ұлысының құрылуы. Жошы - аз ғұмырына қарамастан 60-тан аса ірі шайқасқа қатысып, әлемнің 200-ге жуық қала, қамалды бағындырған әйгілі қолбасшы, әрі батыр. Сан елдерді бағындырған әскери стратег, ірі тактик. Шыңғысханның ұсынысымен Қыпшақ даласында өз ұлысын құрды. Бұл тарихта «Жошы ұлысы» немесе «Қыпшақ хандығы» деп аталады. Зерттеушілердің айтуынша, Жошының қол астына қараған аумаққа қазіргі қазақ жерінің 65 пайызы кірген. Кейін бұл аумақтың құрамына Ресейдің еуропалық өңірі, Балтық теңізінің шығысындағы өлкелер, Польша, Мажарстан,

Балқан елдері, Солтүстік Кавказ, Хорезм, Шығыс және Батыс Дешті Қыпшақ даласы енген. Осылайша, Жошы ұлысы немесе Қыпшақ даласы атанған ұлан-ғайыр даланың жалпы аумағы 10 миллион шаршы шақырымға жеткен. Жошы ұлысы - протоқазақ мемлекеті болып есептеледі. Сол себепті Жошы ұлысының қазақ тарихындағы орны ерекше. Өйткені қазақтың дархан даласында құрылған осы түркі мемлекетінің соңы - Қазақ хандығының құрылуымен аяқталды. Жошыдан шыққан Жошидтер әулеті Қазақстан аумағында 1224 жылдан 1860 жылдарға дейін 6 ғасыр бойы билік жүргізді. Бұл кезең Қазақстан тарихы үшін маңызды кезең, мемлекеттілігіміздің «алтын ғасыры» болды. Тағлымды басқосуда М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Басқарма төрағасы - ректор

м.а. Қайрат Нұрманбетов құттықтау сөз сөйлеп, алқалы жиын жұмыстарына сәттілік тіледі. «ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің 2024 жылы 3 қаңтарда «Егемен Қазақстан» газетіне берген «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек» атты көлемді сұхбатында еліміздегі даталы тарихи оқиғалардың бірнешеуіне көңіл бөле келе, мемлекеттілігіміздің тамыры тереңде жатқанын әйгілейтін биыл іргетасы қаланғанына 800 жыл толатын Жошы ұлысының тарихына қатысты ауқымды зерттеулер қолға алынатынын атап өткен болатын. Сондықтан да Жошы Ұлысының 800 жылдық мерейтойын лайықты дәрежеде атап өту маңызды әрі абыройлы іс», - деп атап өтті Қайрат Еңбекшіұлы. Дөңгелек үстелді М.Әуезов атындағы ОҚУ «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті, т.ғ.к. Кәрібаев Сәр-

себай Өскенұлы жүргізіп отырды. Тарихы мәні бар басқосуда елімізге белгі тарихшы ғалымдар мен зерттеушілер баяндама жасап, ойларын ортаға салды. Атап айтқанда, Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің «Жошы Ұлысын зерттеу» Ғылыми институтының директорының м.а. PhD доктор Ж.Сабитов, «Сирек кітаптар және қолжазбалар» орталығының ғылыми қызметкері Абсаликов Алматы Амантайұлы, Ш.Уәлиханов атындағы «Тарих және этнология» институтының жетекші ғылыми қызметкері Жеңіс Жомарт Жеңісұлы, «М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты» бас директорының орынбасары, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры Төрәлі Қыдыр, Семей қаласының Шәкәрім атындағы универси-тетінің «Тарих»

кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты, Каримов Мұхтарбек Қарпықұлы, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті «Тарих» кафедрасының аға оқытушысы Ташқараева Әсел Мұхтарқызы, М.Әуезов атындағы ОҚУ «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар» ғылыми-зерттеу институтының директоры Боранбаев Сандыбай, «Тарих және этнология» ғылыми орталығының басшысы Торғаутова Шолпан сынды ғалымдар қатысып, мазмұнды баяндама жасады. Сондай-ақ алыс-жақын шет елдерден Ә.Науаи атындағы Ташкент Мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті Буранов Анвар Қорабайұлы, Джиззак политехникалық институтының «Қоғамдық ғылымдар» кафедрасының доценті Туратов Шухрат Бахрамұлы, University of Business and Science «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар» кафедрасының доценті, Назаров Хумаюн Алишеругли мен аталған университеттің ғалымы Ахмедов Рахматджон Нематжонугли сынды тұлғалар қатысып, Жошы ұлысы туралы ойларын ортаға салып, ортақ пікір алмасты. Тарихи сананың түлеуіне мұрындық болған игі шараның жұмысы нәтижелі болып, жаңа ашылымдардың бастамашысына айнала бергей.

БІЛІМ БИГІНЕН КӨРІНГЕНДЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде республикалық пәндік олимпиада жеңімпаздары марапатталып және олардың жетекшілеріне құрмет көрсетілді. «AUEZOV UNIVERSITY»: БІЛІМ КӨШБАСШЫЛАРЫ - 2024» атты жеңімпаздар үшін арнайы ұйымдастырылған салтанатты іс-шарада республикалық додаларда топ жарған оқу ордамыздың 100-ге жуық студенті Алғыс хатпен марапатталды.

Жыл сайын еліміздің Астана, Алматы және өзге қалаларының жетекші ЖОО-да дәстүрлі пәндік олимпиадалар ел экономикасының өзекті салалары болып табылатын машина жасау, жылу-техникасы, тоқыма, азық-түлік өнімдерінің технологиясы, туризм, су ресурстары және суды пайдалану, аграрлық техника және технология, агрономия, психология, жаратылыстану, геотехника, режиссура, сәндік өнер, кәсіптік оқыту және т.с.с. пәндерін қамтиды.

Салтанатты жиында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Басқарма Төрағасы-ректор м.а. Қайрат Нұрманбетов құттықтады.

-Студенттерге өзі таңдаған мамандығы бойынша республикалық пәндік олимпиаданың жеңімпазы болудан асқан мәртебе жоқ деп ойлаймын. Еліміздің жоғары оқу орындарында оқитын қаншама студенттің арасынан білім



додасында топ жарып, жоғары білімділік деңгейі мен құзыреттіліктерін көрсеткен студенттерімізді шын жүректен құттықтаймын! Техникалық, гуманитарлық және шығармашылық бағыттардағы білім бағдарламалары аясындағы пәндер бойынша Әуезов университетінің 97 білім алушысы жүдделі орындардан көрінді. Атап айтқанда, 26 студент - I орын, 20 студент - II орын, 51 студент III орын алып, оқу ордамыздың абыройын асқақтатып отыр. Сіздерді білім бәсекесіне даярлаған жетекшілеріңізге де айтар алғысымыз көп, - деп Қайрат Еңбекшіұлы барлық жеңімпаздарға жүрекжарды тілегін жеткізді.

Жеңімпаздар үшін арнайы ұйымдастырылған шара соңы концерттік бағдарламаға ұласып, қатысушыларға ерекше атмосфера сыйлады. 2023-2024 оқу жылындағы республикалық пәндік олимпиада жеңімпаздарына университеттің Түлектер ассоциациясы қоры демеушілік көрсетіп, «Mega Planet» сауда орталығындағы «Kinopark» кинотеатрында Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы туралы «Соңғы үкім» атты кино көрсетілім ұйымдастырылды.

Барлық жеңімпаздарды шын жүректен құттықтай отырып, алға қойған мақсаттарына сарқылмас сәттіліктер серік болсын демекпіз!

Впервые прошел Республиканский дебатный турнир «AUEZOV SCHOOL CUP»

В Южно-Казахстанском университете им.М.Ауэзова прошел двухдневный I Республиканский дебатный турнир «AUEZOV SCHOOL CUP» среди учащихся 10-12 классов на Кубок ректора. В турнире, организованном впервые, приняли участие 70 дебатов-организаторов из дебатного центра «Ақиқат» ЮКУ им. М.Ауэзова и свыше 120 лучших спикеров из 6 регионов страны.

Целью турнира является формирование и развитие личности с высокой ответственностью и интеллектом, богатым внутренним миром и развитым эстетическим вкусом. Дебаты учат молодежь уменю логически мыслить и ясно выражать свою позицию. Также обучают уменю анализировать и способствуют формированию собственной точки зрения, - отметил Акан Бесбаев, директор Молодежного центра университета.

Следует особо отметить, что турнир, проведенный на казахском и русском языках в форматах «Американский Парламентский Формат» и «Линкольн – Дуглас» прошел интересно и на высоком уровне. В ходе состязательных дебатов студенты обсудили актуальные проблемы общественно-политической жизни страны и продемонстрировали свои ораторские способности.

По итогам дебатного турнира победители были награждены образовательными грантами нашего университета и денежными премиями Общественного объединения «Ассоциация выпускников Ауэзов университета». Проректор по связям с общественностью и культуре университета Бейсенбаев С.К., руководитель отдела методического обеспечения и контроля в сфере регистрационной деятельности Департамента юстиции г.Шымкент Д.Б.Ботан поздравили участников и

вручили им награды. Учащиеся школы им. Ш.Уалиханова из Алматинской области Жадыра Аликова и Жигер Сейдахметов заняли I место и выиграли 100% образовательные гранты университета.

Обладателями II места стали учащиеся Бекарыс Азимхан (общеобразовательная школа «№1 TALANT») и Камшат Алпысбай (школа-гимназия №38 им. Н.Ондасынова) из г.Шымкент. Им были вручены денежные вознаграждения в размере 200 000 тенге.

Обладателями III места стали:

1. Жолдыбек Ертай (общеобразовательная школа «Zerdeli high school», г.Шымкент);

2.Сарбаев Даниал (школа-гимназия №25 им. Т.Рыскулова, г. Шымкент) с денежным вознаграждением в размере 50 000 тенге.

3.Сарымомед-оглы Кязым (средняя школа им.Н.Ақшабаева, Жамбылская область);

4.Мадзыковна Зере (Дворец школьников «Үміт», Жамбылская область) с денежным вознаграждением в размере 50 000 тенге.

Также в следующих номинациях выиграли:

«Самый лучший спикер» - Салыбек Шугыла (школа-гимназия №47 им. Т.Тажимаева, г.Шымкент); также выиграла 100% грант на обучение. «Лучший спикер» - Егемберди Улсая



(частная школа «Academy of Golden Kids», г.Шымкент); получила денежное вознаграждение в размере 30 000 тенге. Студенты Ауэзов университета Азиретали Гульфайрус удостоилась звания «Самый лучший судья», а также денежного вознаграждения в размере 30 000 тенге; Садык Аружан -«Лучший судья», а «Самым лучшим гидом» стал Куандыков Нурлыхан.

От всей души поздравляем победителей турнира и выражаем благодарность всем спикерам, принявшим участие в интеллектуальных состязаниях!



ЧЕМПИОНАТТА КӨРКЕМ ГИМНАСТИКАДАН ЖҮЛДЕЛІ І ОРЫНҒА ИЕ БОЛДЫ

Әуезов университетінің студенті Аялым Қанатқызы көркем гимнастикадан қоржынды тағы бір медальмен толықтырды.

Қазақстан Республикасы туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің ұйымдастыруымен көркем гимнастикадан көпсайысты және 2008 ж. т. және одан жоғары қыздар арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті.

Чемпионатта М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Спорт және туризм» факультетінің СТ23 3кб тобының 1 курс студенті Кәдір Аялым Қанатқызы 1 орынға ие болды.

Аялымды жеңісімен құттықтаймыз!



«GRADUATION PARTY»: БЕЛСЕНДІ БІТІРУШІ ТҮЛЕКТЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

М.Әуезов атындағы ОҚУ-да Жастар орталығының ұйымдастыруымен белсенді бітіруші түлектерге арналған «GRADUATION Party» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Университетімізде білім алып, білімімен және қоғамдық іс-шараларда белсенділігімен көзге түскен студент-жастарға бұл күні құрмет көрсетілді.

Мерекеді сөз алған Жастар орталығының директоры жастарды құттықтап, алдағы өмірлеріне сәттілік тіледі. -Университетімізде жас буындардың ұйымдастыруымен алғаш рет «Белсенді түлектермен» қоштасуға арналған кеш өтіп отыр. Оқу ордамызда білім алған, 4 жылда өзінің жан-жақты екендігін дәлелдеп, сабақтан бөлек, қоғамдық іс-шараларда белсене бой көрсеткен 30-ға жуық студент алтын ұяларынан түлеп ұшты. Осы тұста, атаулы іс-шараның жоғары деңгейде өтуіне атсалысқан сол түлектердің ізбасарлары екендігі қуантады. Өзінен алдыңғы буында абыроймен шығарып салып, оларға арнайы кеш өткізіп беру арқылы университет студенттері арасында ұрпақтар сабақта-

стығы орнап келе жатқандығын байқауға болады, - деп атап өтті Ақан Бесбаев. Университеттің түлектер Қауымдастығының төрағасы Тәслима Серікқызы білімді жастарға келешекте үлкен белестерді бағындыруына тілектестік білдірді және қауымдастық атынан бірқатар бітіруші түлектерге «Әуезов түлегі» төсбелгісі мен Алғыс хат табыстады. Университет қабырғасында жүргенде бойындағы қабілеттерін жан-жақты дамытып, жастар арасында топ жарып, көшбасшылық тұрғыдан өзін дамыта білген түлектерімізді оқу орнын абыроймен аяқтауымен шын жүректен құттықтаймыз! Алдағы уақытта биік белестерді бағындырып, еліміздің дамуына үлес қосатынына сенеміз!



Көрген азабы көп жауынгер Көкенов

Екінші дүниежүзілік соғыс тақырыбындағы түйткілдің бірі – соғыс тұтқындары мәселесі. Біздің өңірде де жазатайым жау қолына түсіп, ғұмыр бойы азап шеккен азаматтар аз емес. Солардың бірі – 1915 жылдың тумасы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Жартытөбе ауылының тұрғыны, жауынгер Сейділда Көкенов. Бұрын сотты болмаған, шала сауатты, үйлі-баранды созақтық сарбаз 1940 жылдың азынаған ақпанында Қызыл әскер қатарына алынған.

№2904 архивтік қылмыстық істің анықтама-сына сүйенсек, көрген қиыншылығы көп Көкенов 1941 жылдың тамызында, кескілескен шайқастардың бірінде жау қолында қалып, тұтқынға алынады. Осынау архивтік деректе Көкенов Сейділда 1942 жылы «Түркістан легионы» қатарына кіріп, Гитлерлік Германияға ақ-адал, қапысыз қызмет етуге ант беріпті-міс. Осылайша, бірнеше жыл бойы басқыншылардың әскери нысандарын күзетіп, бөлім командирі деген бірдей атаққа ие болғасын Польша партизандарының бүлігін басып-жаншуға да белсене қатысып, сан айкаста сыналып, ефрейтор шеніне дейін көтерілді деп көрсетілген. Яғни, осы жоғарыда тағылған айыптардың бәрі де түгелдей дәлелденіп, 1950 жылдың 19 қыркүйегінде қайта тұтқындалған Көкенов КСРО ҚК-ның 58-1-бабы бойынша бас құқығынан бес жылға айырылып, дүние-мүлкі де тәркіленіп, 25 жылға сотталып, еңбекпен түзеу лагеріне жазасын өтеуге жіберіледі.

Бізге белгілісі, 1951 жылдың 11 сәуірінде жазасын өтеуші жауынгер тиісті орындарға істі қайта қарауын өтініп, кассациялық шағым жазғанымен, ол арыз қанағаттандырылмаған. Алайда КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1953 жылғы 27 наурыздағы «Амнистия туралы» Өкіміне сай Көкеновке кесілген жаза мерзімі азайтылып, 5 жылға сотты болғаны айғақталыпты.

Анығында кеңестік сарбаз Көкеновтің қасіретке толы ғұмырына байыппен үңілер болсақ, отбасында 7 бірдей жаны бар отағасының өз еркімен Отанын оп-оңай сата салуы әсте мүмкін емес. Бейбіт заманда да билікке қарсы бір әрекеті жоқ, шала сауатты ауыл қазағының айналасы бірер жылда неміс тілін жетік меңгеріп, туған еліне, қарулас серіктеріне қарсы оқ атуы да күдік тудыратындай. Себебі сұрапыл соғыстан алдын туған

ауылында колхоз бригадирі болып еселі еңбек еткен көпке өнегелі жанның кенеттен өзгере кетуі де күмәнді.

Біздіңше, бар шындық мынада. Кеңес үкіметі соғыс тұтқындарының бәрін «опасыз» санап, қолға түскендерді құтқаруға еш шара жасамаған. Оның үстіне қатігездігі шектен шыққан дұшпан да тұтқындарды «Түркістан легионына» күштеп кіргізгесін, кез келген сарбаздың ісіндегі «өз еркімен қосылды» деген сөйлемді сызып тастағанымыз абзал. Өйткені өмірмен өлім арбасқан адам төзгісіз жағдайдағы лагерден тірі қалып, туған жерге түбі бір оралудың жалғыз жолы осы болуы да мүмкін. Сондықтан «Түркістан легионындағы» тұтқындарды түгелдей қаныпезер етіп көрсету де біздіңше дұрыс емес. Жалғыз Көкеновті осынау мақалаға өзек ете отырып, соғыс өртінің мыңдаған сарбаздың тағдырын күйреткенін де түсінгеніміз жөн. Олай дейтініміз, соғыс өрті бұрқ етіп тұтанғанда Белоруссияның Гомель қаласындағы 115-атқыштар полкінің 3-пулеметтік ротасында қатардағы жауынгер болған Көкенов Минск қаласының аудандарында жасанған жауға қарсы жан алысып, жан беріскен ұрыстардың бірінде қапыда қолға түскен. Польша аумағындағы концентрациялық лагерьде де аз азап шекпегені анық.

Осы тұста 1950 жылдың 24 қарашасында ОҚО ҰҚК облыстық бөлімі басшысы, полковник Сербуковтың қолы қойылып, мөрі басылған айыптау қорытындысын да қарай отырайық. Созақ аудандық әскери комиссариатынан Отан қорғауға аттанған Сейділда Көкенов жоғарыда айтқанымыздай алдымен Гомельдегі 115-атқыштар полкіне бөлініп, кейіннен Речица, Китковичи, Пинск, Брест түбіндегі бетпе-бет ұрыстарға да қатысып, қаһармандығымен көзге түседі. Шындығында соғыс басталған тұста бұл қалалардың дені түгелдей қиратылып, жаудың жойқын

күшіне тосқауыл бола алмаған Кеңес әскері саптағы сарбаздарының талайын майдан даласында қалдырып, күйрей жеңіліп кері шегінгені баршаға аян. Осындай кезекті шайқаста басы бұғауға түскен тұтқын Көкеновтің де Польша лагерінде көресіні әбден көргені де шындық.

Ал архивтік құпия деректерде «1942 жылы Польшадағы Легионно лагерінде «Түркістан легионы» сарбазы атанған, антикеңестік әскери құрылымға жан-тәнімен қызмет еткен, сол легионда сарбаз бола жүріп, 1942 жылдың қоңыр күзінде, нақтырағы қараша айында, унтер-офицерлер дайындайтын мектепте жарты айдай әскери тәлім алған, 1943 жылдың күзінде «Темірлан батальонына» ауыстырылған, сол батальонның 1-атқыштар ротасы бөлімінің командирі санатында ефрейтор шенін иеленген Көкенов қол астындағы сарбаздарына кеңес үкіметіне қарсы болып, «мұсылман» мемлекетін құрамыз» деп рухтандырып отырған» делініпті. Яғни «Темірлан батальонының» командирі 1943 жылдың көктемінде Польшадағы Зеленки лагеріне жіберілгенде де фашистік Германияға адалдығынан танбай, осы жылдың күзінде 2-атқыштар ротасының қатарында Демблин қаласына жіберіліп, сондағы әскери қоймаларды партизандар шабулынан қорғауға белсене кірісіпті.

Осылайша С.Көкенов 1943 жылдың соңында осы Демблин қаласындағы қызметі үшін неміс армиясының шеніне ие болды деп көрсетілген.

Ал 1944 жылдың қақаған қысында Көкенов аталмыш атқыштар ротасымен бірге Польшаның Луков қаласына аттандырылып, көктем шығысымен Бело-Подляски қаласы ауданында өз бөліміндегі легионерлермен кеңестік партизан отрядтарына қарсы операцияларына, бірқатар ұрыстарға да араласып үлгереді де, онан кейінгі кезде Көкеновтің бөлімі Луков,

Родзынь, Люблин, Радом қалаларында қарауылдық қызметке де тартылып, ара-арасында Польша партизандарын жазалаушы отрядтарға да қосылып, отандастарына да қару кезенді деп айыпталады. Кеңес Армиясы күш алған тұста неміс әскерімен бірге «Темірлан батальоны» да кері шегіндіріліп, тылда қалдырылыпты. Тек 1945 жылдың қаңтарында ғана Радом қаласында Көкенов бастаған легионерлер Кеңес әскері қатарына қайта қосылыпты.

Дегенмен соғыс жеңіспен бітіп, бейбіт күнде елде оралған Көкенов сот пен сергелдеңді, тұтқындағы тозақ өмірді қайта бастан кешкен. Яғни жоғарыдағы айыптардың денін жоққа шығарса да, «Түркістан легионындағы» серіктері Мәмедәлиев Нұргелді, Балаубеков Мұхат, т.б. куәлік етуіне сүйеніп, сот Жартытөбе ауылының (кейіннен «Жаңа тілек» колхозы) азаматына 1950 жылдың 6 қарашасында Шымкент қаласында үкім шығарыпты.

Дегенмен осынау №3026 іс бойынша айыпталған Көкенов пен қоса куәгер ретінде сотқа қатысқан Сейділданың «Түркістан легиондағы» серіктері Мәмедәлиев, Балаубеков, Сағындықов, Айтжанов, Архабаев, Тәттібетовтер де тағдыр тәлкегіне ұшырап, тұтқынға алынғаны, тергеуге ілікені мәлім.

Солай болса да советтік соттың Көкеновтің жанайқайына құлақ аспағаны анық. Соғыстың соңғы жылдарында ерекше ерлігімен көзге түскен Көкенов өзіне тағылған айыптардың бәрін жоққа шығарып, үкім оқылған сәттегі ақтық сөзінде былай депті:

«... Маған тағылған айыптың дені түгелдей жала. «Түркістан легионы» қатарына күштеп кіргізілгенімді жоққа шығармаймын. Алайда, Польша партизандарына қарсы қару көтерген жоқпын. Мұны сіздер жазбасын ұсынған куәгер жауынгерлер де көрсетіп

отыр ғой. Сондай-ақ неміс армиясына қалтқысыз қызмет етуге де ант берген емеспін, «Басқа түссе баспақшыл» дегендей, бар болғаны әскери нысандарды күзетуге қойылғаным рас. Бұл жұмыстан бас тарта алмаудың себебі, артымызда атар оғын кезеніп жау сарбаздары басқан ісімізді қалт жібермей қадағалап отырды. Жау қолынан ешқандай унтер-офицер шенін де, медаль де алған емеспін. Біздің бар ойлағанымыз – бұл тозақтан қайтсек те тірі шығу болды. Брест маңындағы майданнан соң Минск төңірегінде тұтқынға түскенімді бұрын да сан мәрте айтқанмын. Қаныпезер жау тұтқынға түскен жаралы солдаттарды түгелдей атып тастап, бізді ну орманның ішімен жаяу айдады. Қайда бара жатқанымызды да білмейміз. Әйтеуір өлдім-талдым деп отырып 3-4 күнде бір лагерьге әкеліп, қойша тоғытып қамады. Біздің қалауымызбен кім санасып жатты дейсіз. «Түркістан легионына» қосылғанымызды да кейін бірақ білдік емес пе?

Алдымен бізді Польшадағы лагерьге жөнелткен. Осынау Сетлида лагерінен ебін тауып қашып шығып, 15 күндей елсізбен қашып, түнде жүріп, күндіз бой тасалап жүргенімде Польша полициясының қолына түсіп, «Түркістан легионына» тапсырылдым. Сондықтан мені «легионға өз еркімен кіріп, жан-тәнімен беріле қызмет етті» деу қате. Кеңестік жауынгер тұтқындардың еркі өзінде болмағанын ескерсеңіздер екен.

Ия, шегінген жаумен бірге босып жүріп, лагерьден-лагерьге ауыстырылып жүріп, әскери дайындық ротасында еріксіз сабақ алғанымды жалған демеймін. Бірақ ешқандай шен алған емеспін. Бауырларыма қарсы ұрыстарға да қатыспадым. 1943 жылы Тембелін қаласында бізді көпірлерді күзетуге қойды. Күзетуге қойды деген аты ғана. Ту сыртымыздан мылтығын кезеніп неміс әскері тұрды. «Жазған құлда жан бар ма», амал жоқ, дұшпанның айтқанымен жүрдік, айдауына көндік. Радом қаласында келгенде де қарауылдық жұмысқа жегілдік. Тұрмыс – тозақ, тамақ жоқ, талай тұтқын көз алдымызда жан тапсырды.

1945 жылдың қаңтарына дейін осында болдық. Жеңіс жақындап, неміс әскері өз басымен қайғы болып жатқанда, 20 шақты жауынгерді ертіп қашып шығып, жауды тықсырып қуып келе жатқан Кеңес әскеріне қосылдық. Майдандас серіктермен жылап көрістік. Осы жерде бізді қосымша полкке қосып, Белорусь майданына аттандырды. 120-гвардиялық атқыштар полкінде жүріп, қаншама қан кешкен ұрыстарға қатысып, Жоғары әскери басшылықтан әділ марапатымды алдым. Одан 222-гвардиялық атқыштар полкіне ауыстырылғанда да адалдығымнан

танбай, алғы шепке аттанып, қорықпай қайсарлық танытқаным үшін тағы да қарулас серіктерім алдында Алғыс хатпен марапатталдым. Тіпті әлгі 222-полк командирі менің ерлікке толы ғұмырымды көпке үлгі етіп, жоғары наградаға, медальдарға да ұсынған. Не кедергі болғаны маған беймәлім, марапатталғаным туралы қағазым қолымда болса да, аталған медальді сол күйі ала алмай жүрмін.



Осылайша соғыс бітіп, бейбіт күнде ел қатарлы тіршілік етіп жүргенімде, кенеттен қайта тұтқындалып отырмын. Тергеушілерден көрген зәбір-жаламды, азаптау мен қорлауды тәпіншеп айтпай-ақ қояйын. Жау қолында біз адамды аяусыз қорлаудың, айуандықтың атасын көрген жандармыз. Сондықтан мені таяқпен тізерлету, болмаған істі мойныма ілгіземін деп күні-түні қинау бос әурешілік деп ойлайтынмын. Осы тергеу камерасында күн сәулесін көрмей, аштықтан бұратылып, шөлге шыдамай, туыстарымды да қинағаннан соң амал жоқ, айтқан қағаздарына қол қойып беріп отырмын. Басқа амалым да қалмады. «Неміс әскерінің унтер-офицері болыпты-мыс» деген, өмірі көзім көрмеген жалған куәгерлердің де жазғандарын рас деп мойында-

удан басқа жол қалмады. Шындығында мен бұл куәгерлерді де қатты аяймын. Олар да мен секілді тергеу тетігі қалай бұрылса солай қисаятын, өмірде жолы болмаған өз бауырластарым. «Неге жаптым жала, жақтым күйге барып отырсыз?» деп Балаубековті де жазғырмаймын. Расында менің ақтық сөзімді, ақиқатқа толы мұңымды тыңдайын деп отырған да жан жоқ. Әйтпегенде олар беталды лағып сөйлеп, көзбе-көз күстәнәлаған куәгер Балаубековтің менімен

соң да ақ-адал қалпымда туған Отаныма қызмет еткенімді, қарт анам, буыны бекімеген, оң-соңын танымаған 4 балам барын ескеріп, істі қайта қарауларыңызды жүрегімнің зарын, көзімнің жасын төге отырып өтінемін. Тым құрыса, жазамды жеңілдетсеңіздер екен.

Берлинді алу кезінде көрсеткем ерлігім үшін берілетін медальды да кеш те болса алғым келетінін ағынан жарыла ақтарылып айтып отырмын. Ерлігім ескерусіз қалмай, әділеттің салтанат құратынына сенемін. Әскери Коллегияның да осының бәрін елеп-екшеп, оң шешім шығаратынына үміт артамын.

Десе де 1945 жылдың 23 сәуірінде Жоғары Бас қолбасшы, Кеңес Одағының маршалы И.Сталиннен Берлин бекінісін бұзып өтудегі қаһармандығы үшін берілген Алғыс хаты, Сол жылы Германиядағы Кеңес оккупациялық Әскерінің бас қолбасшысы, Кеңес Одағының маршалы Г.Жуковтың:

«КСРО Жоғары Кеңесінің XII сессиясының шешімімен Сіз туған Отаныңызға оралғалы отырсыз.

Сіз үлкен әрі қиындыққа толы соғыс соқпағындағы сынсынақтан өттіңіз. Төгілген қан текке кеткен жоқ. Ұлы Сталиннің бас болуымен адамзат тарихындағы теңдесіз жеңіске қол жеткіздіңіз. Берлинді алу кезіндегі өшпес ерлігіңіз ұрпақ жадында мәңгі сақталады» деп келетін Алғыс хатын иеленсе де, Көкеновтің тағдыры теперішке толы болды деуге толық негіз бар. Өйткені өмір-теңізде тұңғыыққа батпай, тұтқында да түнекке тұншықпай, туған елін жан сала қорғаған майдангер 5 жылға сотталып кете барған. Сондықтан саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау комиссиясы Көкенов секілді сарбаздардың жауынгерлік жолына да жіті үңіліп, ақтауға ұсынып жатса, нұр үстіне нұр. Өйткені ерлік қашанда елге – мұра, ұрпаққа – аманат.

Сейдехан ӘЛІБЕК,
М. Әуезов атындағы ОҚУ
колледжінің директоры,
тарих ғылымдарының докторы.



Восточная жемчужина



27 апреля во Французском альянсе Шымкента состоялась третья видеоконференция с Карлыгаш Абиевой-Вальме, нашей прекрасной землячкой, живущей в Париже уже 20 лет, но не забывающей свои корни.



На этот раз темой нашей встречи было знакомство с другой нашей легендарной соотечественницей Аллой Ильчун (1926-1989), «восточной жемчужиной», казашкой по отцу и русской по матери. Знаменита она тем, что ни много ни мало была музой для прославленных французских кутюрье Кристиана Диора и Ив-Сен-Лорана. Настоящая ее фамилия была Елшын, но она была вынуждена скрывать свои корни из-за многих лет репрессий и преследований, так как расцвет ее творчества пришелся на 50-60е годы. Родилась она в Китае в семье казаха Куантхана Елшын, переехавшего из Казахстана в Китай, и русской Тамары Михайловой, певицы. На тот период в Китае начались также, как и в СССР, гонения на инакомыслящих людей. Отец, чтобы оградить свою семью от преследований, отправил (он работал в управленческом аппарате железнодорожных путей) жену и дочь в Париж. Дальнейшая его судьба неизвестна. Там, чтобы выжить, Алла устроилась посудомойкой в одном из парижских кафе. И удивительным образом, случайно она зашла вместе с русской подругой на кастинг к самому Кристиану Диору. Тот, не обращая никакого внимания на русскую, сразу обратил свой взор на статную фигуру и необыкновенную красоту девушки с азиатской внешностью. В то время представлять высокую моду моделью с азиатской внешностью было сродни революции. И Кристиан Диор не ошибся. Публика была в восторге от манекенщицы Аллы Ильчун, ее точеной фигуры, стана, талией в 47 см, ее хороших манер. К тому же Алла говорила на 5 языках и значительно отличалась от своих коллег. Стрелки на миндалевидных глазах стали модными во всем мире благодаря Алле. Кристиан Диор представлял свои самые до-

рогие платья именно на ней, и они мгновенно раскупались. Алла осталась в мире высокой моды яркой звездой.

Нам было очень интересно узнать о ней благодаря творческой группе казахской диаспоры в Париже, в состав которой входила и наша Карлыгаш. Они создали ряд документальных фильмов об Алле Ильчун. Студенты задали вопросы и получили исчерпывающие ответы от Карлыгаш.

Следующей темой было знакомство с l'Art de vivre à la française – искусством жить по-французски. Оно сводится к тому, чтобы сегодня, здесь и сейчас находить ощущение гармонии и счастья. Главная составляющая «искусства жить» — хороший вкус во всем, со вкусом одеться, обставить, соответственно, свой дом, умение подать себя, отправиться в интересное путешествие, выстроить свою жизнь таким образом, чтобы получать от нее максимум удовольствия. Мы, как правило, вкладываем

здесь отрицательный подтекст. Характерному для нас пессимизму и необходимости бороться за существование (а это у нас в крови!) противопоставляется позитивное отношение к жизни. Зачем имитировать веселье, если можно получать удовольствие от каждой минуты жизни?

По результатам одного опроса, 95% французов счастливы и считают, что их соотечественники придерживаются такого же мнения (нам далеко до таких показателей!!!). В чем же секрет подобного счастья? Для французов ответ очевиден — в позитивном мироощущении и отношении к жизни, как к удовольствию.

Все для них просто! А как же нам с нашей «идеологией в крови» и ежедневной борьбой «за светлое будущее»? Ответ прост: учиться, учиться и учиться... у французов! Меньше жизненных драм и более простое отношение к жизни. Больше времени для личной жизни. Больше красоты и совершенства, любви к элегантности и изысканности.

“Все виды искусств служат величайшему из искусств — искусству жить на земле” — писал Бертольд Брехт.

Карлыгаш показала презентацию об искусстве правильно накрывать на стол, как расставлять столовые приборы, о хороших манерах, разнообразии французских блюд, которые существенно отличаются друг от друга в разных регионах Франции и т.д. Ведь известно, что именно французская кухня является наследием мировой нематериальной культуры по решению ЮНЕСКО. Здесь также студенты получили ответы на многие интересующие их вопросы.

В целом, встреча прошла в очень благоприятной, дружеской атмосфере. Студенты получили огромное удовольствие и мотивацию к изучению дисциплины «Французский язык».

Ералиева З.Ж. – ст преподаватель кафедры «Современные языки и переводоведение»



30-шы жылдарындағы қаһарман қазақ қыздарының тағдырлары

Біздің елімізде тек қана батырлардан ер адамдардың аты аталып, ерлігі елге тарайды. Дегенмен қазақ халқыннаң небір қайсарлы қазақ қыздары да болған. Осы тұста қазақ халқының қайсар да қаһарман 3 қызының тағдырына тоқталғымыз келеді. Олар репрессия кезінде атылған 2 5000 қазақтың ішінде бізге белгілісі ғана.



Шахзада Шонанова, Торғай Сулейменова, Мәмиля Таңатова соңғы екі қыз туралы нақты ақпарат жоқ. Шонанова Шахзада Аронқызының бізге жеткен дерегі мынадай. Оның әкесі Арон – белгілі қоғам қайраткері, заңгер, Б.Қаратаевтың туған інісі, оқыған адам болған. Осыған байланысты шыққан тегі мен әлеуметтік жағдайы Шонанованың болашақ тағдырына көп қиындықтар келтірді. Орта Азия мемлекеттік университетінің (Ташкент) медициналық факультетіне (1920), кейіннен Алматы медициналық институтына (1931) түскен Шонановаға «тап жауының қызы» деген айып тағылып, екеуінде де оқудан шығарылады. Алғашқы оқуынан шығып қалғаннан кейін ол 1922–1926 жылы Оралда губерниясы атқару комитетінде нұсқаушы болып қызмет істеді. 1928 жылы Қызылордаға ауысып, Халық ағарту комиссариатының мектепке дейінгі балалар тәрбиесінің нұсқаушысы болды. 1931 жылы Алматы медициналық институтына түсіп, алайда қатаң бақылауда болып, үздіксіз аңду мен қудалауға ұшыраған Шонанова 1933 жылы ақыры оқуды тастады. Белгілі ғалым, қоғам қайраткері, саяси қуғын-сүргін құрбаны Телжан Шонановқа тұрмысқа шыққан ол Педагогикалық ғылыми-зерттеу институтында жауапты хатшы, Ұлттық мәдениет ғылыми-зерттеу институтында кіші ғылыми қызметкер, Халық

ағарту комиссариатында ғылыми қызметкер, бастауыш және орта мектеп бөлімінің ғалым-хатшысы, кейіннен әдіскер-кеңесші болып қызмет атқарды. 1936 жылы қызметтен еріксіз босаған Шонанова ҚазМУ-дың биологиялық факультетіне оқуға түсті. Бірақ оны аяқтай алмады. 1937 жылы қисынсыз жала жабылып, «халық жауы» атанған Шонанова саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болды.

Қазақ халқының тағы да бір ер мінезді, қайсар қызы туралы ақпарат берсек. Қазақ қыздары арасынан шыққан тұңғыш журналист, ағартушы Нәзипа Құлжанованың туғанына – 130 жыл. Ол 1887 жылы 27 шілдеде Торғай қаласында дүниеге келген.

Нәзипа Құлжанованың білімге деген алғашқы қадамы Қостанайдағы орыс-қазақ гимназиясынан басталды. Гимназияны үздік тәмамдап, бірден оқытушылар семинариясында ұстаздық ете бастайды. Осында жүріп Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Сапарғали Бегалин, Әлкей Марғұлан, Жүсіпбек Аймауытовқа сабақ берді. Нәзипа Құлжанова ұлы Абай шығармашылығымен де жақсы таныс болды. Оның жазған мақалалары «Қазақ», «Сарыарқа», «Алаш» газеттерінде жарық көрді. Журналист тек өз кәсібімен ғана шектеліп қалмай, қоғам өміріне де етене араласты.



Ал, оның педагогика саласында жазған «Мектептегі дәстүрлі тәрбие», «Ана мен бала тәрбиесі» секілді кітаптары бүгінгі күнге дейін өзектілігін жойған жоқ деседі. Халқымыз XIX-XX ғасырда әйел адамның тек ошақ қасында отырғанын құп көріп, білім алып, жұмыс істеуіне қарсылық танытқан. Дегенмен аты атала бермейтін небір қайсар қыздарымыз өзінің біліктілігін, таптырмас маман екенін түрлі салада көрсете білген. Сондай арулардың бірі – қазақтың тұңғыш әйел дәрігері Гүлсім Асфендиярова.



Гүлсім Асфендиярова хан-сұлтан-дардың отбасында дүниеге келген.

Әкесі Сейітжапар Асфендиярұлы Әбілқайыр ханның ұрпақтарынан тараса, шешесі Гүландам Қошқарбайқызы Абылай ханның ұрпағы. Осындай текті әулеттен шыққан Гүлсім Асфендиярова 1880 жылы 12 қарашада Шымкент қаласында туған. Сейітжапар мен Гүландам төрт қызын да Түркістандағы қыздарға арналған ең үздік оқу орны – Ташкент қыздар гимназиясына оқуға береді. 1899 жылы гимназияның толық курсына аяқтаған Гүлсім, бітіру куәлігін қолына алады.

Мұсылман халқының медициналық көмекке мұқтаж болғанын көрген Гүлсім Ташкентте арнайы латын тілінде дайындалып, емтихан тапсырып, Петерборға аттанады. 1900 жылы Қыздар медициналық институтына түсіп, онда 8 жыл оқиды. 1905-1907 жылдардағы орыс революциясы тұсында Қыздар медициналық институты Петербордың өзге жоғары оқу орындары сияқты уақытша қызмет етуін тоқтатуға мәжбүр болып, Гүлсім институтта тиісті 7 жылдың орнына 8 жыл оқып шықты.

1900 жылы түрік мұсылман халықтарының арасынан шыққан екі

қыз ғана оқуға түседі. Ол полковник Асфендияровтың қызы – Гүлсім Асфендиярова болса, екіншісі подполковник Садық Әбдірахмановтың қызы – Зейнеп Әбдірахманова. Зейнептің ұлты – татар, Гүлсімнің ұлты – қазақ. 1913 жылы 3 қыркүйекте әскери-санитарлық ведомствоның №113 бұйрығы бойынша Гүлсім Асфендиярова өз еркімен мемлекеттік қызметтен босатылады. Түркістандағы мемлекеттік қызметін тоқтатқан соң, Гүлсім Асфендиярова Хиуа қаласында жаңадан ашылған ауруханаға жұмысқа қабылданады. Хиуа ауруханасында әйелдер бөлімі меңгерушісі міндетін атқарған Гүлсім Асфендиярова орыс дәрігері А.Анисимовпен біріге отырып, алғаш рет жүкті әйелдің жатырына ота жасап, жас ана мен нәрестенің өмірін сақтап қалған.

1913 жылдың аяғына таман Ташкент қаласының басшылығы мол тәжірибе жинақтаған әрі өз еңбегімен жергілікті халықтың көңілінен шыққан Гүлсім Асфендиярованы қалада ұйымдастырылған перзентхананың бас дәрігері қызметіне тағайындалды. 1917 жылы тамызда Түркістан өлкесі қазақтарының жиыны өтті. Халық Гүлсім Асфендиярованы Ресейде өтетін құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде сайлап, оған үлкен сенім артады.

1920 жылы 13 ақпанда Ташкент қаласының ескі бөлігінде акушерлік курстарда оқыту ісін жүргізу мәселесі бойынша арнайы кеңес шақырылып, оған Г. Асфендиярова да қатысады. Кеңестің шығарған қаулысына сәйкес Г. Асфендияроваға акушерлік курстарда әйелдердің физиологиясы бойынша дәріс оқу ісі жүктелді. Сырдария облысы Шымкент уезінде, кейін Ферғана облысының Пап бөлімшесінде дәрігер болып істеген. Ташкентте 30 төсектік жеке аурухана ашқан. Қазақ әйелдері үшін акушерлік мектеп ұйымдастырып, сонда оқытушы болған.

Гүлсім Асфендиярованың 1920-1937 жылдардағы еңбек жолы (17 жылы) әлі зерттелген жоқ. Өкінішке қарай, Гүлсімнің қызметін ашып көрсететін құжаттар Өзбекстанның мұрағаттарында сақтаулы. Бұл тарихы еншісінде тарихшыларға жүктелген үлкен міндет деп ойлаймыз.

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті колледжінің Қазақстан тарихы пәні оқытушысы, магистр

Альбина ИСАБАЕВА, ғимараттар мен құрлыстарды және пайдалану салу мамандығының 1 курс студенті

МЕКТЕПТЕ МАТЕМАТИКАЛЫҚ СТАТИСТИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІН ОҚЫТУ ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚАЖЕТ?

Мектеп математика курсына математикалық статистика элементтерін оқыту аса маңызды және қажетті мәселенің бірі болып табылады. Негізгі мектепте математикалық статистика элементтерін оқытудың мақсаты – статистикалық мәліметтерді ұсынудың және талдаудың негізгі тәсілдерімен, нақты өмірдегі статистикалық заңдылықтармен таныстыру, оқушыларға мүмкіндігінше, математикалық статистикадан қарапайым түсінік беру. Негізінде мектепте бұл мәселе сапалы оқып-игерілмесе, онда оқушылар жоғары сыныптарда оқытылатын математикалық статистика элементтерін меңгере алмайды. Бұл мақала тақырыбы қазіргі заман тұрғысынан алғандағы өзектілігін көрсетеді.

Қазіргі күні еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің жаңартылған білім мазмұнына көшуіне байланысты мектеп математикасының оқу бағдарламасына бірқатар өзгерістер енгізілді. Осыған байланысты математиканы оқытудың әдістері, құралдары, сондай оқытуды ұйымдастырудың формалары да айтарлықтай өзгеріске ұшырауда. Осы орайда өткен жылдары негізгі мектепте математикалық статистика элементтерінің жүйелі түрде

оқытылмағанын атап айту керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша статистикалық материалдар негізгі мектептің барлық сыныптарына енгізілген. Сондықтан қазіргі күні бұл материалдарды оқытудың арнайы, өзіндік әдістемесін жасаудың қажеттігі туындап отыр. Дипломдық жобанда негізгі мектеп курсына статистика элементтерін оқыту әдістемесін жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы талаптарымен ұштастыра отыра және жоба

авторларының педагогикалық тәжірибе жұмыстарымен салыстырыла отырып қарастырылған. Бұл мақала тақырыбының жаңашылдығымен ерекшеленетіндігінің белгісі болып табылады.

Негізгі мектепте математикалық статистика элементтерін оқыту әдістемесін жетілдірудің жолдарын іздестіру.


«Тізбек» әдісі



Жанармайды қолданудың 6; 9,7; 9,9; 8,5; 9,9; 8,9; 10; 9,1; 9,7; 9,9; 7,7; 8,2; 9,8; 7,1; 9,4; 10,6; 8,3 (л/100 км) вариациялық қатарын жазыңдар. Осы вариациялық қатарды интервалдарға бөліңдер; жиіліктің интервалдық кестесін құрастырыңдар және гисторгамманы құрыңдар.

Шешуі:

6; 7,1; 7,7; 8,2; 8,3; 8,5; 8,9; 9,1; 9,4; 9,7; 9,7; 9,8; 9,9; 9,9; 10; 10,6



Негізгі мектепте статистика элементтерін оқытудың мақсаты мен міндеттері

Бүгінгі таңдағы білім беру саласының алдында тұрған басты мақсат – еліміздегі білім беру жүйесін халықаралық деңгейге жеткізу, білім сапасын көтеру, жеке тұлғаны қалыптастыру, қоғам қажеттілігін өтеу, оны әлемдік білім кеңістігіне кіріктіру болмақ. Осыған байланысты оқушылардың қабілеттерін дамыту, қызығушылықтарын қанағаттандыру үшін қажетті жағдайлар жасау мектептің, сонымен қатар математикалық білім беру ісінің алдында тұрған бірінші кезектегі міндеттердің бірі болып табылады.

Қазіргі таңда жеке тұлғаны қалыптастыру және қызығушылығын оятуда жаңа өзгерістерге бейімделе білу, кездейсоқ жағдайдан шығу жолдарын таба алу, өзінің іс-әрекетін ұйымдастыру, ақпараттық-техникалық құралдарды меңгере білу қабілеттерінің рөлі жоғары. Осындай тұрғыда математиканың басқа тарауларына қарағанда статистика тарауының маңызы жоғары. Сонымен қатар статистикалық материалдардың тәрбиелік мәні де зор, оны оқуда баланың интеллектуалдық, ойлау қабілеті дамиды, математика пәніне деген қызығушылықтары арта түседі. Математикалық білім беру мазмұнына статистика элементтерін енгізу білім беруді модернизациялаудың маңызды аспектісі, себебі қазіргі кезде бұл білімдердің атқаратын ролі жалпы әлемде күшейе түсуде.

Кейбір адамдарға аталған бұл ұғымдар «Оқушыларға не үшін керек?», «Мектепте статистиканы оқытудың қажеттілігі бар ма?» деген сұрақ туындауы мүмкін. Статистиканы үйретудің себебі мынада:

- біріншіден, ол оқушылардың ойлау қабілетін дамытуда маңызды рөл атқарады;
- екіншіден, статистикалық деректер күнделікті өмірде, ғылымда, техникада және т.б кеңінен қолданылады;
- үшіншіден, оның математикалық білім беруде үлкен маңызды мәні бар.

Жалпы білім беретін мектептің 5-9 сыныптарында статистикалық желіні оқытудың негізгі мақсаты – оқушылардың логикалық ойлауын дамыту және статистикалық мәдениет деңгейін арттыру, сонымен қатар нақты дүниенің процестері мен құбылыстарын сипаттайтын құрал ретінде статистика элементтері туралы түсінік-

терін қалыптастыру. Статистика элементтерін оқытудың маңыздылығы математиканың адам өміріндегі қызметтердің әртүрлі салаларына кеңінен енуіне байланысты. Статистика әдістері мен нәтижелері тек жаратылыстану және техникалық ғылымдарда ғана емес, сонымен қатар экономика, демография, әлеуметтану, археология, лингвистика және басқа да көптеген ғылымдарда қолданылады. Оқушы мектеп қабырғасында статистика элементтерін жеткілікті игермейтін болса, бұл оның болашақта жұмыс жасауына кедергі келтіретіні айтпаса да белгілі. Оқушылар статистика элементтерін жақсы игеріп, статистика мен жаратылыстану, техникалық пәндер мен гуманитарлық пәндер арасында жан жақты байланыс орната алуы қажет.

Мектеп математика курсына математикалық статистика элементтерін енгізу және оқыту өте күрделі процесс. Статистика элементтерінің негіздерін игеру үшін бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі ойлау түрінен бөлек, түрлі идея, әдіс-тәсілдермен қамданған жөн. Сол себепті бірқатар математик-педагогтардың пікірінше, бұл тақырып мектеп математика курсына өз алдына бөлек оқытылуы керек.

Еліміздің алға қарай дамуына қажетті дүниенің бірі мектеп математика бағдарламасында математикалық статистика элементтерін оқыту. Себебі, қазіргі таңда, физика, химия, биология, әлеуметтік-экономикалық ғылымдар ықтималдық-статистикалық базаға негізделген және сол жүйеде дамиды.

Математикалық статистика элементтері ықтималдықтар теориясы мен комбинаторика негіздерін қамтитын мектеп математика курсының жаңа мазмұндық желісінің құрамдық бөлігі болып табылады. Статистика қазіргі кезде адамның интеллектуалдық ойлау қабілетіне зор ықпал етеді, бұл математикалық статистиканы оқытудың өзектілігінің бірі болып табылады. Ол өркениетті дамыған қоғамда күнделікті өмірге де, сонымен қатар, барлық дерлік қажетті салалар, әлеумет, экономика, қоғам, медицина, білім беру секілді салаларда қажет.

Мемлекеттік білім беру стандартында статистика элементтері кестелер, диаграммалар, графиктер, өлшеу нәтижелерінің орташа мәндері түрінде қарастырылады. Нәтижесінде оқушылар графиктермен және диаграммалармен жұмыс істеуді, өлшеу нәтижелерінің орташа мәндерін есептеуді, нұсқаларды жүйелі

түрде санау және көбейту ережесін қолдану негізінде есептерді шешуді, кездейсоқ жағдайлардың жиілігі мен ықтималдығын табуы үйренеді.

Негізгі мектепте математикалық білім беру оқытудың келесі мақсаттарын көрсетеді:

- тәжірибе жүзінде пайдалануға, іргелес пәндерді оқып-үйренуге, білімді алуды жалғастыруға қажетті нақты математикалық білімді меңгерту;
- оқушыларды интеллектуалды дамыту, математикалық іс-әрекетке тән және қоғамда толыққанды қызмет етуге қажетті ойлау сапасын қалыптастыру;
- математиканың идеялары мен әдістері туралы таным әдістері және нақты нәрсені танып білу мен сипаттау формасы ретіндегі математика жайлы түсініктерді қалыптастыру;
- жалпы адамзат мәдениетінің бөлігі ретіндегі математика туралы түсінік қалыптастыру және оның қоғамдық прогресс үшін маңызын ұғындыру.

Сонымен, математика курсына статистикалық элементтерді енгізу білім беру мазмұнын жаңартудың маңызды аспектілерінің бірі болып табылады, өйткені қазіргі әлемде ықтималдық-статистикалық білім мен дағдының рөлі артып келеді. Статистикалық элементтерді қолданбай, бүгінгі күні әлеуметтік-мәдени, ғылыми және өндірістік салалардағы көптеген мәселелерде маңызды шешім қабылдау мүмкін емес.

2002 жылы білім беру стандартында ықтималдық теориясы мен математикалық статистика элементтері туралы оқушыларға қойылатын талаптар өлшемі жазылған. 2003 жылы елімізде жалпы білім беретін мектептің мектеп математика курсына ықтималдық және статистика теориясының элементтерін енгізу туралы шешім қабылданды. Және бұл бөлімдерді мектеп курстарына кезең-кезеңімен енгізуді қарастырып, мұғалімдер қауымының өзгерістерге дайындалуына мүмкіндік берді.

Қолданыстағы алгебра оқулықтарын толықтыру мақсатында 2004-2008 жж бірқатар жаңа оқулықтар жарық көрді.

Қорыта айтқанда, оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірдегі қажеттіліктеріне пайдалана білуі керек. Өмірмен тікелей байланысты болып табылатын математикалық статистика тақырыптары да біршама күрделендіріліп, жүйелі түрде кезең-кезеңмен мектеп курсына қосылды. Статистика ғылымда да, күнделікті өмірде де үлкен рөл атқаратынын білеміз. Жоғарыда айтылғандардың негізінде «Статистика элементтері» тақырыбының оқушылардың тәрбиелік, білімділік және дамытушылық қабілеттерін арттыруда үлкен әсерін тигізетінін байқадық. Яғни, «Математикалық статистика элементтерін» енгізу және оқыту білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

**Дәнебек Балжан Даниярбекқызы,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
университеті колледжі, математика пәнінің
оқытушысы**

Жаңа білім, жаңашыл әдіс – уақыт талабы

Оқу-тәрбие үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану заман талабынан туындап отыр. Ақпараттық-телекоммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса зор. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – студенттерге ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Білім берудің ақпараттандыру дегеніміз – берілетін білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған үрдіс, яғни еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлерінде кәдімгі технологияларды тиімді және компьютерлік ақпараттандыру технологияларына алмастыру, оларды сүйемелдеу және дамыту, нақты жүзеге асыру шаралары. Ақпарат алмасу істеріндегі компьютерлік технологиялар рөлі өте жылдам өсіп келеді. Соңғы кезде телефон, радио, теледидар сияқты құралдар орнына электрондық телекоммуникациялық құрылғылар пайдаланыла бастады, олар – өндірістік, әлеуметтік және тұрмыстық мәселелерге кеңінен араласып келе жатқан электрондық пошта мен интернет жүйелері болып табылады. Ақпараттық технологияларды тәжірибе жүзінде пайдалану жолында арнайы білім беру мақсатында информатика сабағы соңғы 20 жыл көлемінде оқылып келеді. Оның орта білім жүйесіндегі алатын орны қазіргі ақпараттық қоғамдағы кәсіби қызметінің негізі болып табылатын әлемнің ақпараттық-жүйелік бейнесін жасау, ақпараттық орта мен адамның тиімді қарым-қатынасын қалыптастыру сияқты мәселелермен анықталып келеді. Осыған қоса қазіргі кезде педагогикалық ғылым саласында да оның әдіснамасы мен парадигмасын жетілдіруге қажет тереңдетілген әлеуметтік өзгерістер болып жатыр. Бүгінгі күні білім беру жүйесін ақпараттандыру ісінің басты мақсаты – заман талабына байланысты ақпараттық қоғамның шарттарына сәйкес оқушыларды тұрмыстық, қоғамдық және кәсіптік өмір салаларына толық

XX ғасырда атақты ғалым В.М.Глушков: «ЭЕМ желілері мен оларға термин арқылы байланысу жүйелерінің дамуы келесі ғасыр басында техникалық жағынан жетілген елдерде ақпараттың басым бөлігі, бірінші кезекте, ғылыми техникалық, экономикалық, саяси-әлеуметтік мәліметтер қағаз күйде – ЭЕМ жадында сақталады. Соның салдарынан XXI ғасыр басында осындай ақпаратты пайдалана алмайтын адам XX ғасыр басында оқи да, жаза да алмайтын жанға ұқсас болады...», - деген болатын.



әрі тиімді түрде араластыру болып табылады. Мұнда білім беру ісінің өзі де күрделі құрылымнан тұратын жүйе ретінде қарастырылады. Осындай күрделі жүйенің бір-бірімен және қоғамдық өмірдің басқа аймақтарымен де тығыз байланысқан бес бөліктен тұратыны анықталды; олар: теориялық – методологиялық, педагогикалық, экономикалық, ұйымдастырушылық және технологиялық жүйелер. Сол себепті қазіргі кезде білім саласындағы ең өзекті мәселе ақпараттық технологияларды пайдаланудың техникалық жағы емес, керісінше оның ұйымдастырушылық, әлеуметтік және педагогикалық жақтары айналып отыр. Қазіргі ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану негізінде жаңа педагогикалық әдістерді қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесін ақпараттандыруды зерттеу істері оқулықтар шығарумен қатарласа немесе оның алдында атқарылуы керек.

Заман талабына сай күнделікті сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Бұндай қондырғылар студенттердің қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдаумен қатар, түсінбей қалған сәттерін қайталап көруге, тыңдауға және алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді. Студенттердің өздері де алынған ақпаратты көшіріп алып (дискетке, бейне таппаға) онымен өз ыңғайына қарай жұмыс істей алады.

Әсіресе, олардың тиімділігі:

1. Қашықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
2. Қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
3. Экономикалық тиімділігі (бару, келу, тұрмыс тауқыметі т.с.с. материалдық шығынды қажет етпеу);
4. Білім сапасына әсері зор. Әсіресе, тіл сабақтарын игеруге (ағыл-

шын, орыс, қазақ т.с.с. тілдерді) айқын сезіледі;

5. Іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйренуге (би өнері, қол еңбек, дене шынықтыру сабақтары т.с.с.);

6. Қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақпен есту мүмкіндіктер болмайтын табиғаттың таңғажайып үрдістері мен әртүрлі физикалық, химиялық, биологиялық тәжірибе нәтижелерін көріп, сезінуге мүмкіндік береді;

7. Студенттің ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтуге де, ықпалы зор (теледидардағы ғылыми – көпшілік, рухани, тарихи танымдық хабарлар мен компьютерлік жүйедегі шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ т.с.с. логикалық ойындар).

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде электрондық байланыс жүйелерінде ақпарат алмасу интернет, электрондық пошта, телеконференция, видеоконференция, телекоммуникациялық жүйелер арқылы іске асырылуда. Бірақ кез-келген жаңалықтың жақсылығымен қатар зияны да болатыны да белгілі. Мұндағы ең басты назар аударарлық мәселе – олардың ара салмағы. Демек кемшілігін түзеп, зиянын жойып, артықшылығын жетілдіре түсу қажет.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) қазіргі ақпараттық әлемде ерекше орын алады. Компьютерді иелену дағдылары, күнделікті жұмыста АКТ пайдалана білуі, WWW (Интернетпен) жұмыс істеу, теориялық информатика негіздерін білу, мектеп түлектерінің ақпараттық мәдениеті, адамзат қолындағы электрондық ақпараттық ресурстарды жасау және пайдалана білу – жаңа ғасырдың артықшылығы осындай. Білім беруді ақпараттандырудың негізгі бағыттары:

- әдіснамасын жетілдіру мен стратегиялық мазмұнын таңдау;
- әдістері мен формаларын ұйымдастыру;

- қоғамды ақпараттандырудың қазіргі жағдайында тұлғаны тәрбиелеу мен дамыту;

- оқытудың әдістемелік жүйесін жасау;

- оқушының интеллектуалдық әлеуетін дамытуға бағыттау;

- өз бетімен білім алу біліктілігін қалыптастыру;

- ақпараттық – оқу, эксперименттік – зерттеу қызметінің өз бетімен түрі іс – әрекеттерін жүзеге асыру;
- тестілік, диагностикалық бақылау әдістері мен білімалушылар білім деңгейін бағалау.

Болашақта Қазақстанда білім беру жүйесін ақпараттандыру телекоммуникациялық желілерді жасау және дамытумен ұштасады. Ал білім беру жүйесінің негізгі міндеттері біртұтас телекоммуникациялық желіні құру және дамыту арқылы шешіледі.

Білім беруде АКТ-ны пайдалану мен білімалушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай АКТ-ны, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. АКТ-ны сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Сонымен қатар АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында мектеп оқушыларының оқуға, білім алуға деген ұмтылысының артуы АКТ құралдарымен жұмыс істей алу жаңалығымен ғана емес, сонымен берілетін оқу тапсырмаларын қиындық деңгейі бойынша реттей алу мүмкіндігінен, тапсырманың дұрыс нәтижесі үшін марапаттай алу қызметінен де байқалады. Заманауи АКТ құралдарымен жұмыс істеу оқушыларды ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар аударуға білуге баулиды, сондай – ақ, АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында оқушылардың өзінің жеке іс-әрекетін дұрыс жоспарлауға, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді.

Қорыта айтқанда, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сабақта қолдану – бұл оның нәтижелігіне қолайлы жағдайды жасаудың бірден-бір жолы, ал ол өз кезегінде бірлесе жұмыс жасауға, адами қарым-қатынастарға себепкер болады.

Оқытуға жаңашыл көзқарасты қолдану, тәжірибеге бағытталған оқытудың үлкен жетістігі болып табылады, сондай-ақ оның сапасы алынған білімнің нақты жағдайда мақсатқа жетумен қатар өмірдің сапасын көтеруде үлкен сұранысты қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Мырзабай Мөлдір Жұмабекқызы, М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжі, Ақпараттық технологиялар пәнінің оқытушысы

Ғарыш ғылымындағы тың ізденістер

Бұл бірегей оқиғалар – XX ғасырдың ең үлкен жетістігі. Кейіннен АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Италия сияқты елдер де өз азаматтарын ғарышқа ұшыра бастады. 70-жылдардың басында бұл қатарға Жапония, Қытай, Нидерланд, Испания және басқа елдер қосылды. Қазіргі таңда әлемнің 200-ден астам елі ғарыш қызметімен айналысады. Олардың көпшілігінде өздерінің ғылыми және қолданбалы маңызға ие жасанды серіктері бар.

Биыл – отандық ғарыш ғылымы және бүкіл Қазақстан үшін айтулы жыл. Нақты айтқанда, биыл әлем жұртшылығы адамзаттың ғарышқа ұшуына 63 жыл толды. Бұл оқиға басқарылатын космонавтиканың әлемдік символы болды.

Осы уақыт аралығында 570-ке жуық ғарышкер-зерттеуші ғарышта болған екен. Ал олардың 150-ден астамы ғарышқа қазақ жерінен ұшып, «Байқоңырда» ғарышкер мәртебесін алды.

Қазақстанда басқарылатын кешендердегі ғарыштық зерттеулер қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер Т.Әубәкіровтің ұшуымен тікелей байланысты. Дәлірек айтқанда, аталған зерттеулер 1991 жылы «Қазақстан-Ғарыш» нысаналы кешенді ғылыми бағдарламасы аясында серпінді дами бастады. Академик Ө.М.Сұлтанғазиннің ғылыми жетекшілігімен Қазақстан Республикасының ҒЗИ мен ЖОО және Ресей Федерациясының ғарыш саласы ұйымдарының ғалымдары мен мамандары «Мир» ОК бортында ғылыми зерттеулер мен эксперименттердің бағдарламаларын сәтті орындады. Бұл жұмыстарға қазақстандық ғарышкерлер де қатысты.

Әлемдік басқарылатын ғарышкерліктің даму тәжірибесі және «Мир» ОК мен ХҒС бортында Қазақстан Республикасының ғылыми ізденістері мен ғарыштық эксперименттерінің бағдарламаларын іске асыру ұшу алдындағы кезеңде даярлықтан өтетін ғарышкерлерге жаңа бірегей ғылыми нәтижелерді алуда айқындаушы рөл берілетінін көрсетті. Бұл өздерінің функционалдық міндеттерін орындау және ұлттық ғылыми бағдарламалар шеңберінде ғарыштық зерттеулер мен эксперименттер жүргізу үшін ғана емес, штаттан тыс жағдайлар туындаған кезде бірін-бірі өзара алмастыру мақсатымен басқа елдердің ғылыми бағдарламаларын іске асыру үшін қажет болды. Біздің ғарышкерлер әлемдік деңгейде қазақстандық ғылымның жоспарланған ғарыштық эксперименттерін орындап қана қоймай, басқа мемлекеттердің ғарыш саласындағы ғылыми бағдарламаларын орындауда тең құқылы әріптестер болды.

Сонымен қатар ғарышкерлердің өздері басқарылатын кешендерде ұшу кезінде ғарыштық медицина және биотехнология саласындағы ғылыми зерттеулердің объектілері болып саналады.

Қазақстандық ғарышкерлердің ұшуы кезінде басқарылатын кешендердің бортында әлемдік ғарышкерліктің негізгі бағыттары бойынша ғарыштық эксперименттер жүргізілді. Мәселен, 1991 жылы «Мир» ОК-де Т.Әубәкіровтің ұшуы кезінде бес ұйымның қатысуымен бес ғарыштық эксперимент орындалды. Ал 1994 жылы Т.Мұсабаевтың ұшуы кезінде ҚР ҰҒА-ның оннан астам институтының қатысуымен 8 ғарыштық тәжірибе жүргізілді. Одан бөлек, 1998 жылы 20-дан астам ұйымның ғалымдары мен мамандарының қаты-

Қазақстандағы «Байқоңыр» ғарыш айлағынан алғашқы жасанды Жер серігі 1957 жылы ұшырылғаны белгілі. Әлемдегі тұңғыш ғарышкер Юрий Гагарин де 1961 жылы «Восток» ғарыш кемесімен қазақ даласынан ғарышқа аттанды.



суымен 23 кешенді (жерүсті және ғарыштық) эксперимент орындалды. Қазақстан 2001 жылы ХҒС бортында ғылыми зерттеулер мен эксперименттер бағдарламасын алғашқылардың бірі болып іске асырды. 2015 жылы А.Айымбетовтің ХҒС-қа ұшуы кезінде Қазақстанның сегіз ҒЗИ мен ЖОО ғалымдарының қатысуымен 10 ғарыштық эксперимент жүргізілді.

Қазақстандық ғарышкерлердің «Мир» ОК мен ХҒС-тағы ғылыми бағдарламаларын орындау арқылы айтарлықтай ғылыми және қолданбалы маңызы бар нәтижелер алынды. Олар өз кезегінде Қазақстанда ғарыш ғылымының дамуында халықаралық деңгейге сәйкес келетін жаңа ғылыми бағыттар құруға негіз болды. Ғарыш техникасы бұйымдарын жасау кезінде пайдаланылған қорытпалар, полимерлік және керамикалық материалдар бүгінде «Мир» ОК бортындағы көрмеде тұр. Кезінде осылардың көмегімен найзағай белсенділігі бар өңірлер бойынша әртүрлі мақсаттағы ғарыш аппараттарында штаттан тыс жағдайлардың дамуымен жаңа оптикалық құбылыстардың корреляциясы да белгіленді.

Ғарыштық эксперименттерді орындау кезінде әзірленген әдістемелер мен технологиялар экологиялық картографиялауда және өсімдіктер мен табиғи экожүйелерді картографиялауда қолданылды. Сондай-ақ биоалуантүрлілікті бағалау, жайылымдардың антропогендік трансформация дәрежесін және мұнай-газ кен орындарының табиғи-аумақтық кешендерінің де трансформация дәрежесін, төтенше жағдайларды, шөлейттену процестерін бағалау үшін де пайдаланылды. Ғарышта өсімдік жасушаларының селекциясын қолдана отырып, картоп, бидай сияқты өсімдіктердің экономикалық құнды формалары алынды. Аурулар мен қолайсыз экологиялық факторларға ерекше төзімді картоптың «Тоқтар» деп аталатын жаңа сортын алу жұмыстары аяқталды.

Гендік инженерия бойынша эксперименттер жүргізілді. Ғарыштық ұшу жағдайында бидай жасушаларына бөтен генді беру және трансгенді өсімдіктерді алу мүмкін болды. Жүргізілген зерттеулер ғарыштық факторлар-

дың әсерінен болатын өзгерістер жасуша мен организм өмірінің әртүрлі аспектілеріне, соның ішінде құнды белгілерге әсер етуі мүмкін екенін көрсетті.


Ғарышкерлердің ұшуға дейінгі, ұшу кезіндегі және одан кейінгі нейропсихологиялық және психофизиологиялық жағдайын бағалау бойынша алынған нәтижелер олардың, сондай-ақ жер бетіндегі төтенше жағдайдағы адамдардың жұмысқа қабілеттілігін бағалау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу үшін пайдаланылуы мүмкін. Әзірленген әдістер мен критерийлер азаматтық авиация ұшқыштарын даярлау кезінде, авиациялық және ғарыштық медицина практикасында пайдаланылады. Ғарышкерлер ағзасының бейімделу мүмкіндіктерін арттыратын Қазақстанның флорасы мен фаунасынан табиғи биологиялық белсенді заттар негізінде жаңа мамандандырылған өнімдер әзірленді. Республиканың жер бетіндегі төтенше жағдайлардағы және шалғай өңірлеріндегі адамдар үшін мамандандырылған өнімдерді әзірлеудің жаңа технологиялары мен биотехнологиялық қағидағдары даярланды.

Қазақстандық ғарыш ғылымының елеулі практикалық жетістігі ретінде спутниктік геодезия мен радарлық интерферометрияны пайдалана отырып, ғарыштық мониторинг жүргізуді, жерүсті зерттеулер саласындағы бірегей зерттеулерді дамытуды және Астана, Алматы қалалары мен Солтүстік Тянь-Шань аумағының жер қыртысында болып жатқан табиғи және техногендік апаттарды қалыптастыру үшін ғылыми негіз жасауды айтуымыз керек.

Әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлықты алуға ұсынылған «Қазақстандық ғарышкерлердің қатысуымен ғарыштық зерттеулер – Қазақстан Республикасының ғарыш саласын дамытудың негізі» жұмыстар топтамасын соңғы 30 жылдағы еліміздегі ғарыш ғылымының даму қорытындыларын жаһандық қорыту деп қабылдаймыз. Зерттеу тобының құрамында Қазақстандағы ғарыш ғылымы дамуының бастауында тұрған белгілі ғалымдар мен ғарышкерлер бар. Ұсынылған жұмыстар циклінде бүгінде Қазақстанда жаңа ғылыми бағыттарды іске асырып, оларды әлемдік ғарыш ғылымының талаптарына сәйкес дамытуды жалғастырып жүрген отандық ғалымдар мен ғарышкерлердің ғарыш ғылымы мен елдің ғарыш саласын дамытуға қосқан үлесі көрсетілген.

Қазақстан – қазақстандық ғарышкерлердің ұшуы арқасында басқарылатын кешендерде әртүрлі бағыт бойынша ғарыштық эксперименттер жүргізудің, ғарыштық зерттеулерді дамытуда серпіліс жасаудың бірегей мүмкіндігіне ие болған санаулы елдердің бірі. Дәл осы қазақстандық ғарышкерлердің ұшуы, басқарылатын кешендерде ғылыми зерттеулер мен эксперименттердің орындалуы және алынған нәтижелер Қазақстанда ғарыш саласының табысты қалыптасуы мен дамуына ықпал етті. Сондай-ақ Қазақстанды ғарыштық зерттеулердің әлемдік деңгейіне шығарды және еліміздегі ғарыш саласының ғалымдары мен мамандарына өз жұмыстары мен технологиялары арқылы әлемдік ғылыми ғарыш қауымдастығына қосылуға мүмкіндік берді.

Әділ Арайлым Жақсыбекқызы,
М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжі,
физика пәнінің оқытушысы



Цифрландыру дәуірі кез келген журналистің жеке басына, оның атқаратын қызметтеріне өзгеріс енгізді. Яғни, медиа өзгерген сайын, журналист те жан-жақты жетіліп, бұрынғы ақпарат таратушы, қоғамдық пікірге қозғау салушы қызметімен қатар жаңа кәсіппен де айналысуға кірісті. Бұл ойымызды Дмитрий Дроздов былай толықтырады: «Әмбебап-журналистің» тұжырымдамасы медиа-журналистке ауысты, яғни, әрбір журналист өзінің әлеуметтік желілердегі парақшасында, блогында, сайтында ақпарат тарату арқылы толыққанды БАҚ есебінде қызмет ете алатын болды. Ол қызметін түрлендіріп, өзінің ақпараттық тауарлары мен қызмет түрлерін сатумен айналысатын, жарнама берушілерді қызықтыратын кәсіпкерге, менеджерге айналды.

Техникалық жағынан алып қарасақ, бір ғана смартфонның фотоаппараты, бейне камераны, дыбыс жазатын құрылғыны, ноутбукты және өзге де қажетті жабдықтарды ауыстыра алатыны қолайлы жағдай туғызды. Шетелдік БАҚ-тарда журналистердің санын қысқартып, оның орнына фрилансерлерді көптеп тарту тәжірибесі жүзеге асырылуда»

Отандық медиа ортаны түрлендіретін технологиялық процестер жаһандық және ұлттық медиа жүйелердің цифрландыру жағына қарай қозғалысын, арналардың, платформалар мен сервистердің технологиялық конвергенциясын, цифрлық медиа кеңістіктегі журналистиканың жанрлары мен стильдерін көрсете отырып, әмбебап сипатқа ие. Қазақстанның экономикалық даму деңгейіне қарай цифрлық технологиялар барлық салаларға енгізіліп келеді. Сонымен қатар ақпаратты алу, тарату, сақтау процесіндегі цифрландыру журналистің жұмысын жеңілдеткенімен, кейбір мәселелерді бүгінгі

көзқараспен бағамдау керектігін тәжірибедегі проблемалар көрсетіп отыр.

Осы орайда медиа технологияны ғылыми талдау процесі медиакомпаниялардың жұмысын қамтамасыз ететін журналистер үшін де оны реттеу шараларын қалыптастыратын заң шығарушылар үшін де бірдей өзекті болып саналады. «Медиа» және «цифрлық» терминдерінің мағыналық мазмұнын шартты түрде түсінуге ұмтылу теориялық олқылықтарды толтыруға, БАҚ пен технологиялық платформаларды заңнамалық деңгейде реттеуді шектеуге мүмкіндік береді.

Енді классикалық медиа мен цифрлық медианың артықшылықтары мен кемшіліктеріне қатысты сарапшылардың пікірталасына кезек берейік.

Қазіргі кезде «Теледидардың күні бітті, ол енді өткен ғасырдың белгісі болып қалады» деген ой-пікірлер батыл айтылып жүр. Мәселен, Ресей халқының жартысына жуығы теледидар көруден

бас тартуға дайын. Ресейліктердің көпшілігі күнделікті өзіне қажетті ақпаратты классикалық БАҚ-тардан (теледидар, радио, газеттер) емес, ғаламтордан, әлеуметтік желілерден алғанды ыңғайлы көреді екен.

Қазақстандық сарапшы, көп жылдар бойы еліміздегі бірнеше республикалық газеттерді басқарған журналист, сенатор Нұртөре Жүсіп ақпарат алу мен тарату жағынан классикалық БАҚ әлеуметтік медиаға өз орнын босатып бергенін айтады. «Жүргізушілер арасында жазылмаған бір заң бар: таудан түсіп келе жатқан көлік жоғары өрлеп келе жатқанға жол береді. Бізде де солай. Әлемде де солай.

Қазір ең жедел деген теледидарыңыздың өзі әлеуметтік желіні тұтынып отыр. XXI ғасыр бұл тұрғыда ғаламат өзгерістерге тап болды. Ақпарат құйыны әлемді шырқ үйіріп жатыр. Дәстүрлі БАҚ ештеңе ұстана алмайды. Оның қолынан келетіні – аман қалу үшін жанталасу ғана. Надандық үстемдік құрғанда аман қалуы-

ның өзі екіталай» деп ой қорытады ол. Бұл пікірді белгілі блогер Максим Шевченко да қостап, Ресейде Ютуб-тың кейбір параметрлері бойынша дәстүрлі теледидарды басып озғанына тоқталды. Ол бір-біріне мүлдем ұқсамайтын аудитория пайда болғанын айтады. «Қазір теледидарды бұрынғы өмір сүру салтымен жүретін адамдар ғана көреді. Ал заманауи коммуникативтік желіде – ғаламторда өмір сүретіндер көрмейді. Мысалы, менің үйімде теледидар көрмегенімізге 6-7 жыл болды. Apple-TV бар кезде алтын уақытыңды желілік теледидар көруге жұмсаудың не керегі бар? Өйткені, өзіңе не керек, қандай көлемде көретін нәрсеңді қолыңдағы смартфон не айпадан көресің. Мұны дәстүрлі журналистиканы жоюға төнген қауіп деп айтуға бола ма? Блогерлер мен әлеуметтік медиа қоғамдық пікірді қалыптастыруда жетекші рөл ойнай береді» деп ой түйіндейді ол.

Қазақстандық тағы бір сарапшы, Atameken Business Channel-дің бас

директоры Қанат Сахарияновтың биылғы Astana Media Week-тегі: «Теледидар – өткен ғасырдың белгісі» деген батыл пікірі жұрттың назарын аударды. «Шын мәнісінде ғаламтор телевизияға өте мықты қарсылас болып табылады. Мен Deloitte компаниясының алдағы уақытты теледидар контент өндіруші фабрикаға айналады, бірақ аудиторияның басым бөлігі тұтынатын арна болмайды деген ұстанымымен толық келісемін. Сондықтан біздің әріптестеріміз қабырғаға ілінген теледидарды көру – бұл өткен ғасырдың көрінісі дегенді жақсы түсіне білуі тиіс. Сол себептен біздің компанияларды өркендетудегі барлық іс-әрекеттеріміз ақпаратты тұтынудың коммуникативтік мүмкіндіктерін дамытуға бағытталуы керек» деді ол.

Осы жерден тағы бір-екі сарапшының пікіріне назар аударалық. Жаңа медиа мен классикалық медианың арасындағы нақты айырмашылықты шетелдік сарапшы, ЕҚЫҰ-ның БАҚ мәселелері бойынша өкілі Арлем Дезир дәл байқаған. Оның пікірінше, кәсіби жур-

налистика мен блог саласының айырмашылығы айқын аңғарылып тұрады. «Жұрт қазір смартфон бар әр адамның әлемге ақпарат тарата алатынын алға тартады. Бірақ, бұл журналистика емес. Өйткені, ақпарат жинаудың, өңдеудің және таратудың кәсіби стандарттары бар. Ақпараттың шынайылығын тексеру бәрінен маңызды. Бұл жерде блогерлер қандай да бір кәсіби этиканы, қалыптасқан ережелерді сақтауы керек. Әйтпесе, жалған ақпараттан бір адамға ғана емес, тұтас қоғамға, мемлекетке үлкен зиян келеді» дейді сарапшы. «Цифрлық сауаттылық цифрлық

технология мен интернет ресурстарды тиімді пайдалану үшін қажетті білім мен біліктің жиынтығымен анықталады. Цифрлық құзыреттілік, цифрлық тұтыну және цифрлық қауіпсіздік» деп цифрлық сауаттылықтың үш құрамдас бөлігін атап өткен Н.Д. Берман.

«Комсомольская правда» газетінің АҚШ-тағы меншікті тілшісі Алексей Осипов цифрлық медианы жаңа медиа деп атауға түбегейлі қарсы. «Егер сіз үйде жарақат

алған жеріңізге дәрі жағып, дәкені өзіңіз орай алатын болсаңыз немесе емдік шөптердің қасиетін біліп, оны ешкімнен сұрамай-ақ ішетін болсаңыз да дәрігермін демейсіз. Ендеше, ғаламторда миллиондаған адамдарға үн қатып, сөзі мен бейнесін көрсетіп, жазылушыларынан «лайк» жинайтындар өз басым сенбеймін. Мысалы, жердің әр тұрғыны Африкадағы аш-жалаңаш балаларға 1 АҚШ долларынан бөлсе, аштықты баяғыда-ақ жоюға болатын еді. Миллиондарға сөзін жеткізетін блогерлер неге осындай ізгілікті іске бармайды? Содан шығар, блогерлерге деген сенім жоқ. Қазір кез-келген мемлекетте тұратын блогер сол елдегі ірі компания басшысымен немесе мемлекеттік орган басшысымен сұхбаттасамын десе, бірден келісе ме? Жоқ, әрине. Яғни, классикалық медиа бәрібір бұрынғы қалпында қалады. Оған деген сенім жоғары. Блог саласы, жаңа медиа дегендер уақытша нәрселер» дейді ол.

Антон Мотолько, Денис Блищ, Анна Бонд, Василий Телогрейкин, Максим Пушкин, Виталий Гурков, Александра Герасименя сияқты

медиа белсенділер бар. Ақпараттық технология медиа тұтынудың сипаттамаларын өзгертеді, пайдаланушыларға мазмұнды құруға қатысуға мүмкіндік береді, қолданыстағы мәдени формалар мен үлгілерге айтарлықтай әсер етеді, мәдениетаралық қарым-қатынастың жаңа қасиеттерін береді, сонымен қатар өзіндік ерекшеліктерімен ерекше әлеуметтік-мәдени шындықты қалыптастырады. Осылайша цифрлық медиа жаһандық процесте қоғамның барлық салаларына өзгеріс әкелді.

Медиконтентті жасап таратудан бастап тұтынушының санасына ықпал ету аралығындағы рөлімен тиімділікті арттырып келеді. Бұрыннан келе жатқан әлеуметтік-мәдени нысандар мен тәжірибелерді өзгеріске ұшыратты. Кейбір зерттеушілер цифрлық дәстүрлі медиаға басымдық беріп қана қоймай сонымен бірге «кәсіптің жалғыз нысаны» болатынын айтады.

Диана КӘРІБАЕВА, Зере ОМАР,
М. Әуезов атындағы ОҚУ
колледжінің пән оқытушылары

Шет тілін меңгеру - шексіз мүмкіндікке қол жеткізудің жарқын бастамасы!



Қазіргі уақыттағы қолданысқа ие әлемдік брендтегі тілдердің қатары жыл санап толығып, топтастырылып келе жатыр. Жаһандану заманындағы жаңаша стратегиялық жұмыстардың жемісті жүзеге асуында, тілдік тұғырдың орны биікте. Оның ішінде алпауыт елдер арасындағы алтын көпір болып тұрған ағылшын тілінің маңызы зор. 450 миллионнан аса адамның ана тіліне, 20 шақты елдің мемлекеттік қолданыс тіліне айналған халықаралық тілдің әлем экономикасындағы әлеуеті жоғары. Ғаламдық тілдер бағанындағы баламасы жоқ, баға жетпес рейтингте 2-ші орынға жайғасқан бұл тіл, елдер арасындағы бейбіт келісімнің берік байланысы болып орнықты.

Шет тілдерін үйрену сананың көкжиегін кеңейтуге көмек береді, біздің білім тұрғысындағы бәсекеге қабілеттілігімізді арттырады. Қазіргі таңда, біздің жеке таңдауларымызға деген біршама шектеулер шегеріліп, азаматтық еркіндік берілді. Бұл еркіндік – сана еркіндігі, даму еркіндігі. Біз мансаптық дамудың озық перспективасын ұстана отырып, дамыған елдермен иық тіресуге барынша күш жұмсауымыз керек. Қазақстандағы шет тілі бойынша жүргізіліп отырған оқу-ағарту ісінің де негізгі мақсат, мүддесі осы. «Ағылшын тілі – шәкірттеріміздің біліктілігін арттырып, білім саласында қайталанбас жетістікке жетіп, үлкен аренадан көрінуіне септігін тигізеді деп сенеміз!» - дейді, сала мамандары. Сөздік пен грамматиканы білу, білім алушыларға үздік оқу орындарына жол ашады, оны тәмамдағаннан соң, әлемнің кез келген елінде сұранысқа ие жұмыс табуға болады. Қарапайым аудармашы мамандығының өзі адамдарға тұрақты және лайықты табыс алып келеді. Тілді жетік меңгерген азамат кез келген халықаралық компанияда жұмыс істейді, Skype желісі арқылы жеке ағылшын тілі сабағын бере алады, кез келген елде гид болып жұмыс істейді,

жеке мектептер мен университеттерде сабақ береді, басқа елге жұмысқа барып, көптеген мүмкіндіктерге ие болады.

Ағылшын тіліндегі әдеби шығармаларға келетін болсақ, ешбір аударма ағылшын тіліндегі нәзік әзілді немесе ғылыми әдебиеттің техникалық ақпаратын дәлме-дәл жеткізе алмайды. Қазіргі уақытта шет тілі барлық салаларда үлкен рөл атқарады. Онсыз өркениеттің барлық игілігін толық пайдаланып қана қоймай, лайықты білім алу, еңбек ету, қызықты қарым-қатынас жасау қиынның қиыны. Оны зерттеудің маңыздылығы мен өзектілігі жыл сайын артып, адамдар ағылшын тілін білу олардың өмірін жарқын ететіндігін түсінді. Қуантатыны осы, ағымдағы жылдың өзінде бірқатар ауқымды жобалар қолға алынып, үлкен топтардың қолдауына ие болды.

Әр нәрсеге уақытында жеткіміз келеді, ешқайда кешігіп қалғымыз келмей, бір-бірімізден қай қызметте болмасын қалыспай, тек ілгерілеуге тырысамыз. Ал, бүгінгі өмір шындығы жұмыста табысты және сұранысқа ие болу үшін бізден шет тілдерін білуді талап етеді. Ең танымал және кең таралған тілдердің бірі, әрі бірегейі


дәл осы - ағылшын тілі. Интернеттің пайда болуымен, басқалармен салыстырғанда теңдесі жоқ артықшылығы бар оқитудың жаңа түрі, бізді дүниежүзілік бәсекеге қабілетті азамат, азаматша ететіні ақиқат.

«Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл» деп бабаларымыз айтып кеткендей, ұлттың саналы білім алып, сапалы өмір сүруін көздесек, бүгінгі күннен бастап, туған тілімізбен қатар, шет тілін де меңгеруді қолға алғанымыз жөн. Сонда ғана кемелденген ұрпақ тәрбиелеп, келешекке нық сеніммен көз жүгірте аламыз. Тіл – ақылдың өлшемі дегендей, біз қаншалықты көп тілді игере алсақ, демек, соншалықты пайым-парасатымыздың толыққандылығы.

Закира ЕМКУЛОВА,
Валентина МОРОЗОВА
М. Әуезов атындағы ОҚУ,
Филология факультеті
«Гуманитарлық мамандықтар үшін шетел тілі» кафедрасының
магистр, аға оқытушылары

Распад Советского Союза в начале 1990-х годов привел к сейсмическому землетрясению на международной арене, он также имел много последствий для тюркского мира. Было открыто новое окно возможностей для воплощения концепции «Единства в языке, мнении и работе», сформулированной Исмаилом Гаспринским и другими ведущими тюркскими интеллектуалами сто лет назад, но которая не могла быть реализована из-за некоторых причин того исторического периода.

ИДЕЯ ВОЗРОЖДЕНИЯ КОНЦЕПЦИИ - ТУРАН



За прошедший 33-летний период отношения между Турецкими Республиками значительно отдалились, но международные факторы, а также собственные приоритеты и ограниченность возможностей этих республик сыграли важную роль в неспособности окончательно оправдать ожидания, которые были достигнуты. Эта ситуация породила форму прагматических отношений с осью определенных интересов на оси национального государства, которая в процессе регрессировала к идеалам. Несомненно, этот образ вызвал определенное разочарование у тех, кто смотрел на межреспубликанские отношения через окно идеализма и утверждал, что отношения этих республик друг с другом, например, с Германией или Японией, нельзя оценивать в тех же рамках, что и их отношения с тюркскими странами.

Тем не менее, определение текущей ситуации очень важно для определения шагов, которые необходимо предпринять в соответствии с идеалами, и определения пути их преодоления перед лицом проблем. В связи с этим отношения между Турецкими «декоммунизированны-

ми» на основе позитивных соображений оценки необходимо рассматривать объективно и с многогранной точки зрения. Нынешнее уравнение предписывает политику в отношении турецких республик друг с другом, которая учитывает социально-политические и экономические различия каждой страны и направлена на укрепление сотрудничества на основе взаимного уважения.

С другой стороны, наличие общих платформ и партнерских институтов жизненно важно для обсуждения проблем и возможностей сотрудничества всех турецких общин на прошедших собраниях, от турук-диаспор в Германии до Восточного Туркестана, а также для укрепления связей между ними.

В этом контексте такие организации, как ТЮРКСОЙ, Тюркская академия, Тюркский совет и ТЮРКПА, выполняют важную функцию в обеспечении культурной, научной, социальной и политической интеграции между тюркскими республиками и тюркскими организациями. Однако, несмотря на значительные расстояния, достигнутые в рамках двусторонних и многосторонних отношений за 33 года, считая

с 1991 года, и усилия по институционализации, воплощающие эти отношения, трудно утверждать, что Турецкие республики и их общины достаточно хорошо знают друг друга и обладают квалифицированными знаниями о частях, составляющих целостность Тюркского мира.

Широкомасштабные и компетентные исследования тюркских народов на академическом уровне по этому вопросу по-прежнему крайне ограничены, а также существует острая нехватка знаний о том, какие события происходят в тюркском мире с политической, экономической и социальной точек зрения.

Мы бы хотели бы процитировать вам высказывание великого лидера - основателя Турции Мустафы Кемаля Ататюрка: «Турецкий сын обретет силу, чтобы делать большие дела, когда будет знать своего отца». Ататюрк имел в виду: «Это не значит, что мы должны были продолжать хвастаться этим, восхищаясь величием дел, совершенных нашими предками. Чтобы творить великие дела, нужно черпать силу и вдохновение у наших предков». То есть Ататюрк заявил, что его турецкий сын должен

был помнить своего предка больше, чем он гордился бы своим предком. Теперь давайте пройдем поэтапно, сначала мы должны вдохновиться тем, что делали наши предки, давайте посмотрим на них...

«У тюрков есть склонность к созданию империи. Тюрки – правители земли в буквальном смысле этого слова» - Жан Поль Ру, французский тюрколог и историк.

Жан-Поль Ру, которого мы цитируем выше, на самом деле находится на стороне, которую я критикую по большинству вопросов, поскольку он считает тюркизм не этническим, а только культурным или даже в значительной степени лингвистическим. Однако Жан-Поль Ру утверждает, что тюрки, начиная с династии Вей, вторгшейся вглубь Китая, до Толуногулов в Египте, Великих Моголов в Индии и Османской империи с Балканским Средиземноморским центром тяжести, тюрки принадлежали к разным географическим регионам, к редким народам, способным создавать разные империи (возможно, единственная нация), - цитирует он.

Интересно, что тюрки были защитниками как исламской цивилизации, так и западной цивилизации. Если бы хазары не побеждали арабов снова и снова, перед арабскими армиями, повернувшись в сторону Европы, не было бы препятствий. Даже при самой оптимистичной для Запада картине капитуляция Восточной Европы перед исламом была лишь вопросом времени. Тюрки помешали этому. Для Запада тюрки имеют и другое значение.

Гунны и тюрки, пришедшие после гуннов (авары, болгары...), осознание того, что он стоит на лошади в наиболее подходящих доспехах и одежде, и формирование института рыцарства путем подражания ему европейцами, в результате чего аристократия была институционализирована, и постепенно германские, кельтские, славянские племена превратились из варварских племен в централизованные государства. Если бы не образовалась аристократия, не было бы князей, которые бы финансировали и поддерживали Микеланджело, Декарта в финансовом отношении. Мы бы не могли говорить о Ренессансе, Реформах и Просвещении.

Что касается исламской цивилизации, то помимо борьбы с крестоносцами Кылыча Арслана, который защищал Ближний Восток от крестоносцев, мы все знаем о махинациях Бейбарса, тюрка по происхождению, которые помешали монголам захватить Ближний Восток и уничтожить исламскую цивилизацию. В более поздние периоды Османская империя настолько переняла свою роль защитника и распространителя ислама, что, по словам Бертрана Льюиса, «...интересно, что на Западе (турецкий) стал синонимом мусульманина, а западника, ставшего мусульманином, называют «ставшим тюрком», даже если это произошло в Исфахане или Марокко».

Низам уль-Мульк, открывший Низамийское медресе сельджуков, которое в целом было защитником ислама, а в частности суннизма, и занимавший должность его идеолога, был персидцем, а не тюрком. Так же, как и Газали, который дал произведения, соответствующие политике сельджуков того времени. Даже если турецкие знатные ученые-фикхи, такие как шейх Бедреттин и Абу Сауд османского периода в Стамбуле, никогда не были в Османской империи; не пересекали Каир, Дамаск или Багдад и не получали знания в традициях

«медресе». В исламском мире, когда говорят о медресе, на ум все еще приходит аль-Азхар у суннитов и Кум у шиитов.

Хотя некоторые круги в Турции утверждают, что эпоха Ататюрка разорвала или ослабила связи с прошлым, до закрытия медресе Ататюрка (Таухид-и Тедрисат) османско-турецкие медресе не были впереди арабских и персидских медресе, было бы неправильно сказать, что даже медресе Тимбукту в Африке, Мали, опережали османские медресе. Более того, лучшие архитекторы Османской империи, к слову, были армянами.

